

**“2018 жылы өткізілетін бірыңғай мемлекеттік сатып алулардың кейбір мәселелері туралы” Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 448 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 3 қазандағы № 609 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 қарашада № 6495 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Жаңақорған ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. “2018 жылы өткізілетін бірыңғай мемлекеттік сатып алулардың кейбір мәселелері туралы” Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 448 қаулысына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6178 болып тіркелген , 2018 жылы 13 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

“1. “Жаңақорған ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі тапсырыс берушілер үшін сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы болып айқындалсын.”

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жаңақорған ауданының әкімі*

*Ғ. Әміреев*